

Дариға Кокеева

# ИНДУИЗМ



СНТЗ6РА136 Л2698-60004

ӘОЖ 233(035.3)

К 48

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
Ғылыми кеңесі (№2 хаттама 31.10.2016 ж.) және  
Редакциялық-баспа кеңесі ұсынған*

### **Пікір жазғандар:**

философия ғылымдарының докторы, профессор **Н. Ж. Байтенова**  
философия ғылымдарының докторы, профессор **Д. С. Раев**  
философия ғылымдарының докторы, профессор **К. К. Котошева**

**Кокеева Д.М.**

К 48 Индуизм: монография / Д.М. Кокеева. – 2-бас. – Алматы:  
Қазақ университеті, 2016. – 178 б.

**ISBN 978-601-04-2518-7**

Монография Үнді дүниетанымындағы құдайлар пантеонының орны және олардың даму ерекшеліктері діни-философиялық, тарихи тұрғыда қарастырылып, ғылыми талдау жасалынды. Аталмыш жұмыста құдайлар пантеонының теологиялық ілімінің бастаулары, діни-философиялық қалыптасу алғышарттары, сипаты, мәні жан-жақты талқыланады.

Монография шығыстану, үндітану, дінтану, философия, мәдениеттану мамандығының студенттері мен магистранттарына, жоғары оқу орындарындағы гуманитарлық мамандықтардың студенттеріне арналған.

**ӘОЖ 233(035.3)**

ISBN 978-601-04-2518-7

© Кокеева Д.М., 2016  
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2016

### **КІРІСПЕ**

Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін елімізде көптеген діни ұйымдардың пайда болуы дін мәселесіне байланысты саясаттың бағыт-бағдарлары анықтала түсуімен қатар түрлі қоғамдық аймақтарға қатысты заңдық принциптері мен нормалары бекітілді. Ал діни қатынастардың ерекшелігі қоғамдық, әлеуметтік-экономикалық және мәдени, рухани сфералардан көрініс тауып жататыны белгілі. Сондықтан бір ғана діни қатынастар мәселесімен айналысу мүмкін еместігі діннің өте күрделі құбылыс екендігін дәлелдей түседі. Осыған орай дін мәселесіне байланысты мемлекеттік саясаттың рөлі ерекше арта түсуінің өзі діннің қоғамдағы алатын орны мен қызметі қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Бүгінгі таңда Қазақстанда дінді тұтыну жағынан көп сипатты қоғам өмір сүреді. Сондықтан дін өкілдері дәстүрлі және дәстүрлі емес бірлестіктерге де ұйымдасқан. «Дін ұстану және діни танымды уағыздау бостандығының жүзеге асырылуы қоғамдық тәртіпті және басқа азаматтардың өмір сүруі, денсаулықтарын сақтау мен имандылығын, бостандықтарын қорғау мақсатында ғана заңмен шектелуі мүмкін».

Діни қатынастарды ұлттық маңызы бар мәселе ретінде қарастырған жөн. Себебі, егеменді еліміз Қазақстанның өтпелі кезеңде тоталитарлық әлеуметтік қоғамның зиянды мұраларынан толығымен айығып, өркениетті елдерге тән қоғам құруы оның ұлттаралық, діни қатынастарда дұрыс бағыт ұстауына, әртүрлі дін өкілдерінің татулығын тұрақты ете алуына байланысты. Көп ұлтты Қазақстан қоғамында түрлі діни қауымдастықтардың арасында бірлік пен татулық болса, рухани тоқыраудан шығу мүмкіндігіне ие болары сөзсіз. Сондықтан мемлекет діни қауымдастықтар арасындағы өзара байланыс пен қоғамның рухани өміріне пайдалы байланысқа түсуін қамтамасыз етуі қажет. Әрі Қазақстандағы барлық діни ұйымдардың мақсат-мүдделеріне сай шаралар жүйесі жасалып, тәжірибеге асырылып отырғаны дұрыс. Сонда ғана діни қатынастар орнықты болып, діни қауымдастықтар татулығы сақталары шүбәсіз.